

#6

(981)

8 наурыз

2024 жыл

ГАЗЕТ 2005 ЖЫЛДЫҢ 7 ҚАҢТАРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

# JAS QAZAQ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ГАЗЕТИ



@jasqazaqnews

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазак

jasqazaq.kz

jasqazaqkz

8 НАУРЫЗ – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ӘЙЕЛДЕР КҮНІ



# АРУЛАР, АЯУЛЫЛАР, АРДАҚТЫЛАР

▼ BRENT \$83.51

▼ USD 450 T

▼ EUR 487 T

▼ RUB 4,86 T

**АСТАНАДА ҚАЗАҚСТАН ПРЕЗИДЕНТІ ЖАНЫНДАҒЫ ӘЙЕЛДЕР ІСТЕРІ ЖӘНЕ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ ЖӨНІНДЕГІ ҰЛТТЫҚ КОМИССИЯНЫҢ 25 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАН ӘЙЕЛДЕРІНІҢ ФОРУМЫ ӨТТІ.**

**ФОРУМДА ПАРЛАМЕНТ ДЕПУТАТТАРЫ, ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМДАР МЕН АЗАМАТТЫҚ СЕКТОР МЕН ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҰЙЫМ РӨКІЛДЕРІ ОТБАСЫЛЫҚ-ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ САЯСАТ, ӘЙЕЛДЕРДІҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДАҒЫ РӨЛІ, ОТБАСЫЛАРДЫ ӘЛЕУМЕТТІК ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚОЛДАУ, БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ БАСҚА ДА КӨПТЕГЕН МАҢЫЗДЫ МӘСЕЛЕЛЕРДІ ТАЛҚЫЛАДЫ.**



## НӘЗІК ЖАНДАРДЫҢ МӘРТЕБЕСІН КӨТЕРУ ҒАМ ОТБАСЫ ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ДӘРІПТЕУ



әзірлеуге белсенді атсалысып, маңызды әлеуметтік жобалар мен бастамаларды жүзеге асыруда. Кейінгі кезде елімізде әйелдер үшін тыйым салынған мамандықтар тізімі жойылды, сайлау квоталары енгізілді, ішкі істер органдары жүйесінде әйел құқықтарын

қорғау жөніндегі арнаулы бөлімдер құрылды. Сіздердің еселі еңбектеріңіздің арқасында Қазақстан бірқатар халықаралық конвенцияны ратификациялап, гендерлік теңсіздікті жою жөніндегі барлық міндеттемелерін орындап келеді. Біз әйелдердің қоғамдағы мәртебесін көтеру және отбасы құндылықтарын дәріптеу үшін жүйелі шараларды жалғастырып, баршаға бірдей мүмкіндік беретін мемлекет – Әділетті Қазақстанды

25 жыл ішінде Ұлттық комиссия отбасылық және гендерлік саясаттағы өзекті мәселелер бойынша тиімді жұмыс жүйесін құра алды. Комиссия мен серіктестердің бірге атсалысуының арқасында әйелдер, отбасы және балалар құқықтарын қорғауға бағытталған жүздеген табысты жобалар мен бастамалар жүзеге асырылды. Комиссия осы сала бойынша маңызды шешімдер шығарып, оларды іске асыруға белсенді араласатын бірегей органға айналды.

Мемлекет басшысы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия мүшелерін 25 жылдығына орай құттықтау хат жолдады.

Президенттің құттықтау сөзінде: «Ұлттық комиссияның сарапшылары заңдарды және мемлекеттік бағдарламаларды



құру жолында нақты қадамдар жасаймыз», – делінген.

Форумға қатысушылар отбасылық-демографиялық саясат, әйелдердің қазіргі қоғамдағы рөлі, отбасыларды әлеуметтік және экономикалық қолдау, балалар құқықтары және басқа да көптеген аспектілерге қатысты маңызды мәселелерді талқылады.

Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева бұл форум отбасы мәртебесін арттыруға, гендерлік теңдікті сақтау жұмыстарын одан әрі дамытуға, жетістіктер мен перспективаларға жол ашып, бірлескен жұмысқа жаңа серпін беретініне сенім білдірді.

## БАЛА КЕЗІМІЗДЕ АУЫЛДАҒЫ ӘРБІР ҮЙ ИТТІ ЕРМЕККЕ ЕМЕС, ҚОРА-ҚОПСЫСЫН КҮЗЕТКІЗУ ҮШІН, ПИҒЫЛЫ БӨТЕНГЕ СЕС КӨРСЕТУ ҮШІН ҰСТАЙТЫН. МҰНДАЙ ЖАҒДАЙ ҚАЛАНЫҢ ЖЕКЕМЕНШІК БӨЛІГІНДЕ ДЕ БОЛДЫ. БІРАҚ АУЫЛҒА ЖЕТКЕН БЕ?..

Естеріңізде болса, ауылдағы кейбір көрші-көлем итін кешқұрым бос қоятын. Әрине, мұндай мүмкіндікті балалар пайдаланып қалуға тырысады. Бұл «боранды күні ит пен бала құтырады» дегенмен шектелмейді. Қайтсе де, балашағаның тиым атаулыға өштігі белгілі. Ондайда олар күшігінен асыраған иттерін мақтап жарысады. Түр-сипатынан бөлек, ерекше ат қоюдың өзі – бір бәсеке. Әңгіме арасына өтірігі мен шынын да қосып жіберетіні бар. Сөз жарыстың соңы үлкендердің көзін ала бере ит таластырып, мықтылығын сынауға дейін барады. Кейде күндіз шынжырын үзіп, ит босанып кетсе, айтаққа айтақ қосылады. Әйтпесе, ит төбелестіруге тиым салынатынын үлкен-кішінің бәрі біледі. Бірақ итің жаман десе, намыстанатын қауымның ұрпағы екенін ешкім де ұмытқан емес. Үлкендер «байқа, иті бос болмасын!» деп ескерту жасап қана көрші үйге жұмсайтыны да бар. Ал біздің апамыз бен көкеміз ылғи сапарға шығып жатса, итіміздің қараусыз қалмауына (тамағы, суы т.б.) аманаттайтын. Бұл (итке қамқорлық) – олардың күнделікті жұмысының бірі екенін көрсетеді. «Ит – опа, сиыр – жапа» деген мәтелін де жиі айтатын. Сондағы неміс тұқымды итіміздің аты – Сырттан еді. Ол кейбір иттер секілді ашқарақ емес, тамағын талғап жейтін сырбаз еді. Апам онысын бағалап, «Сырттан – сыпа» деп отыратын. Кейін ұялас екі күшік асырап, Дихан ініміздің ұсынысымен біріне – жіті болсын деген оймен «Сақ» деп, екіншісіне – ұры-қарыны алып түссін ниетпен «Соқ» деп ат қойдық. Сол кезде тәтеміздің (әкеміздің інісі) үйіндегі төбет – Алыпсоқ, қарама-қарсы Қаныбек көкеміздің қорасындағы ит – Төрткөз, ағайынымыз Едігенің үйіндегі ит – Арлан, шаруашылықта қой бағатын Әуелбек ақсақалдың төбеті – Мойнақ екенін әлі ұмытпаппыз. Себебі олар ауыл



## АУЫЛ ЖАМАН ИТ АСЫРАМАЙДЫ

өмірінің, балалар дүниетанымының бір бөлшегі еді.

Мына жайтқа назар аударыңыз: сол кезде ауыл адамдары түгілі, елдегі жалпы көзі қарақты азаматтар Алаш арыстары, олардың әдеби шығармалары мен аударма туындылары туралы көп мағлұматы болмағаны аян. Сөйте тұра, араға талай жыл салып, Ахмет Байтұрсынұлының

И. Крыловтан аударған «Иттер достығы» атты өлеңіндегі:

«Бір байдың Төрткөз, Мойнақ төбеттері,

Өздері ит болса да әдепті еді. Түнде үріп, күндіз үрмей жай жататын, Болады әдепті иттің әдеттері...» деген жолдарды оқып, қайран қалғанбыз.

Сонда Ақаң ауыл адамдарына ортақ түсінік-танымды дәл жеткізген екен-ау... Елдің қайнауы, ұлттың тұтастығы ит екең итке қатысты халықтың ой-пайымында да тұр. Ауыл жұртының итке ат беруге мән беруі – мың жылдық дәстүрінің жалғасы. Бұл қазақы елді-мекендерде, өңірлерде әлі де бар екені талас тудырмайды. Әсіресе, тұрмыс қаймағы бұзылмаған шеттегі ағайын ішінде.

Қазіргі жұртшылық ізі суымаған игі дәстүрімізде бар көркем де мазмұнды үй жануарлары аттарын менсінбей, жылқысы мен сиырына

да, иті мен мысығына да жат тілдегі атауды беріп, тілді шұбарлап, өзінде, ұрпағын да адастырып барады. Бұрынғы Шарик, Тузик, Рекс, Лайкалар бер жағы екен, қазір айтуға тіл күрмелетін атауларды құлағымыз естіп жүр...

Біздің айтпағымыз – егесі бар, тұқымы таза, аурудан сау, адал иттердің иесі де, қоғам да жауапкершілік сезінсе. Аты жоқ, қаңғыған иттерге байланысты БАҚ-та, әлеуметтік желілердегі халықтың ашу-ызасына қиқу қоспай-ақ, қатаң қауіпсіздік шараларын қолдану мүмкіндігі жеткілікті. Заңға қайшы келмейтін, ақылға қонымды қаншама амал бар. Ал енді заңды орындаушыларға байланысты мәселе басқа.

Сондай-ақ елімізде қабылданған тазы және төбет тұқымын сақтау туралы заңда олардың тұқымын құнттау мен өсімін молайтудың құқықтық, ұйымдастырушылық және экономикалық негіздері белгіленді. Бұл да – орындалуымен құны артатын заң.

Жалпы үй жануарларына ат қою мен кәдімгідей құжаттандырудың бүгінгі қисынын, жөнін, тәртібін білеміз бе? Сұраушысы, қадағалаушысы, сараптаушысы кім? Әлбетте, бұл істе өркениет жолы өз дегенін жасайды.

Сондықтан итті жеті қазынаның бірі санаған дәстүрімізге сай құжаттандыруды да сауатты жүргізуіміз қажет.

**Дархан МЫҢБАЙ,**

Мемлекет және қоғам қайраткері

1913 ЖЫЛЫ «ҚАЗАҚ» ГАЗЕТІНДЕ «УАҚ ҚАРЫЗ» АТТЫ МАҚАЛА ЖАРИЯЛАНДЫ. АВТОРЫ – АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ. ҚАРЖЫ ТАҚЫРЫБЫНА ЖАЗЫЛҒАН БҰЛ ДҮНИЕ ҒАСЫРЛАР БОЙЫ МАЛ ШАРАУАШЫЛЫҒЫМЕН АЙНАЛЫСҚАН ҚЫР ҚАЗАҒЫНА ТОСЫН БОЛҒАНЫ АНЫҚ. ҰЛТ ҰСТАЗЫ, СОДАН БОЛАР, КҮРДЕЛІ МӘСЕЛЕНІ ҚАРАПАЙЫМ ТІЛМЕН



## ҚАЗАҚ БАСПАСӨЗІ: САҢ ТАРАУЛЫ

ТӘПТІШТЕП ТҮСІНДІРЕДІ. БҮГІНДЕ «ШАҒЫН НЕСИЕ» НЕМЕСЕ «МИКРОКРЕДИТ» ДЕГЕН АТАУЛАРМЕН БЕЛГІЛІ ТЕРМИНДІ «УАҚ ҚАРЫЗ» ДЕЙДІ КӨПКЕ ҰҒЫНЫҚТЫ ТІЛМЕН. ХАЛЫҚТЫҢ ҚАРЖЫЛАЙ САУАТЫН АШУҒА, БІРЛЕСІП, ӨЗ КӘСІБІН ЖҮРГІЗІСІ КЕЛЕТІНДЕРГЕ КЕҢЕС БЕРУГЕ БАҒЫТТАЛҒАН. «УАҚ ҚАРЫЗ СЕРІКТІГІНІҢ (МЕКЕМЕ) ТҮПКІ МАҚСАТЫ СЕРІКТЕСКЕН АДАМДАРҒА КЕРЕКТІ КЕЗІНДЕ МАШАҚАТСЫЗ, ОҢАЙ ЖОЛМЕН, ЖЕҢІЛ ӨСІММЕН ҚАРЫЗ БЕРІП ТҰРМАҚ» ДЕЙДІ МАҚАЛАДА. АВТОРДЫҢ ПІКІРІНШЕ, ҚАРЫЗ АЗЫҚ-ТҮЛІК, КИІМ-КЕШЕК ҮШІН ЕМЕС, ДАЙЫН ӨНІМ ШЫҒАРАТЫН ІСКЕ (ЖОБАҒА) БЕРІЛУІ ТИІС. КӘСІПКЕР АЛҒАН АҚШАНЫ ҚҰРАЛ-ЖАБДЫҚ, МӘШИНЕ, ТҰҚЫМ САТЫП АЛУҒА ЖҰМСАҒАН ЖӨН. АЛ НЕСИЕ ӨСІМІ (ЖЫЛДЫҚ ПАЙЫЗ) ӘР СОМҒА 12 ТИЫННАН АСПАУЫ КЕРЕК.

**Б**ес жыл бойы (1913-1918) жарық көрген осы басылым, шын мәнінде, Қазақ баспөзіндегі салалық журналистиканың бастау көзі. Біз мысал еткен қаржы ғана емес, білім, денсаулық, жер, сот, ғаламдық саясат сияқты саң тараулы тақырыптар қозғап отырған. Ана тілімізде алғашқы кәсіби үнқағазға айналған осы басылым жанрлары, тақырып қою, түрлі оқиға мен құбылыстарға терең талдау жасай білуімен де ерекшеленеді. Бір сөзбен айтқанда, «Қазақ» газетінің салалық журналистиканы қалыптастыру мен дамытудағы тәжірибесі бүгінгі болашақ журналистке де, тілшіге де таптырмайтын шеберлік дәрісі екені талассыз шындық.

Жалпы ХХ ғасырдың басындағы Қазақ баспасөзі қаржы сауаттылығы тақырыбына айрықша ден қойды. Айталық, «Ақ жол» газетінің 1924 жылғы 8 тамыздағы санында жарияланған «Биыл салық қалай салынады?» атты мақалада жұртшылықты қала шетіндегі егістік, мал, бау мен бақшаның салықтан босатылғаны туралы құлағдар етеді. Мақаланы «Тоқпақ» деген бүркеншік атаумен жазған – Ұлт

қайраткері Сұлтанбек Қожанов.

Мемлекет басшысы бекіткен еліміздің Ақпараттық Доктринасында қазіргі медиакеңістіктегі бәсекеге төтеп беру үшін бұқаралық ақпарат құралдарының сапалы дүние жасауына айрықша мән берілген. Бұған қол жеткізудің бір жолы – салалық журналистиканы өркендету. Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева өткен жетіде БАҚ өкілдерімен кездесуде медиакеңістіктің көкжиегін кеңейту тетіктеріне тоқталды. Министр осы орайда «Қазіргі уақыт талабына сай салалық журналистиканы дамытуға ерекше көңіл бөлген жөн» деді. Айта кетейік, министрліктің мұрындық болуымен осы салада біраз шаруа қолға алынды. Медианың замануи беталысы мен сұранысты ескере отырып, журналисті белгілі бір салаға бейімдеу, яғни оның мамандануы үшін нақты қадам жасалып жатыр. Мәселен, 50 әріптесіміз С. Асфендияров атындағы Қазақ ұлттық медицина университетінде дәрігерлермен бірлесіп, осы сала бойынша сапалы контент дайындауды қолға алды. Ал Л. Гумилев атындағы Еуразия

ұлттық университетінде Әскер журналистика кафедрасы құрылып, студенттер осы салаға мамандануда.

Ұлттық баспасөздің алғашқы қарлығашы – «Қазақ» газетінен сөз еткенде Алаш қайраткерінің «Уақ қарыз» атты мақаласына тоқталуымыз бекер емес. Өйткені мемлекеттің күш-қуаты, халықтың әл-ауқатының жақсаруы қуатты экономикаға байланысты екені баршаға белгілі. Сонымен қатар, жұрттың қаржы сауаттылығы бүгінде отандық БАҚ-тағы аса өзекті тақырып. Тәуелсіздік жылдары

Мұндай жағдайда тілші мен шолушының ең алдымен мемлекет мүддесін ойлайтын ұстанымда болуы, шындық пен жалған ақпараттың аражігін ажырата алатындай (фактчекинг) сауатты болуы маңызды. Бұл үшін көп оқып, ізденудің, шет тілдерін білудің мәні зор. Осы орайда журналистерге арнап өткізілетін семинар мен тренингте лекция оқып, сұраққа жауап берумен шектелетін таптаурын теориядан гөрі нақты жазуға бейімдейтін практикалық машықты үйретуге

көбірек көңілсе бөлінсе, құбақұп. Бұл ретте Jas Qazaq газеті мен «Шеврон» компаниясы бірлесіп ұйымдастыратын «Бәріне ортақ журналистика» курсының тәжірибесі үлгі бола алады. Мұнда мүмкіндігі шектеулі жандар өздерін толғандырған мәселе мен оны шешу жолдары, яғни әлеуметтік түйткілдер тақырыбына маманданады.

Ғылым мен технология дамыған сайын БАҚ-та «жасанды интеллект», «кибербуллинг», «блокчейн» секілді өзге тілден енген терминдер

# САЛАЛЫҚ ЖУРНАЛИСТИКА

Қазақ баспасөзінде экономикалық журналистика тәп-тәуір дамыды.

«Теңге Монитор» (бұрынғы «Экономика»), «Қазақстан Іскері» газеттері, «Айқын» газетінің жанынан «Құн», «Ана Тілі» басылымының қасынан «Алтын Дария» қосымшалары жарық көрді. Басқа басылымдар да аталған тақырыпты тереңнен қозғап, оқырманға мазмұнды да мағыналы дүниелер ұсынып жүр. Jas Qazaq газеті мен jasqazaq.kz сайтына тоқталсақ, отандық өнім өндіру, мұнай мен газ, транзиттік тасымал, сутегі энергиясы, шағын және орта бизнес және қаржы пирамидасының алдап-арбау тәсілдерінен сақтануға арналған сараптамалық материалдар ұдайы жарық көреді.

Әлемдегі геосаяси ахуал құбылып, «сауда соғыстарының» өршуі БАҚ алдына жаңа міндеттерді қойып отыр.



көбейді. Сол саланың мамандары болмаса, көпшілік оның мағынасын біле бермейді. XX ғасырдың басында қазақ қауымына дипломатия ұғымы мүлде беймәлім-тұғын. Сондықтан «Қазақ» газетінің авторлары оқырманға түсінікті болу үшін балама ретінде «елтарту» сөзін пайдаланған. Пойызды «отарба» деген. Қазақша нұсқасы жоқ терминдердің мағынасын түсіндірген. Бүгінгі журналистің Алаш ағартушыларының осы тағылымды тәжірибесін басшылыққа алғаны абзал деп есептейміз. Сондай-ақ экономикалық журналистика бойынша оқулық, Терминдер сөздігін шығару да уақыт талабы болып тұр.

Қазіргі беталысымыз, салалық журналистикаға оң көзқарас осы саланың кең қанат жаюына септігін тигізеді деген сенім бар.

**Срайыл СМАЙЫЛ,**  
экономикалық шолушы



**МЕНИҢ КЕЙІПКЕРІМ ФАТИМА ЖҮНІСОВА – ТАҒДЫРДЫҢ ТАЛҚЫСЫНА ТҮССЕ ДЕ МОЙЫМАҒАН, ӨМІРДЕН ӨЗ ОРНЫН ТАПҚАН НӘЗІК ЖАРАТЫЛЫС ИЕСІ. БІР КЕЗДЕРІ ОҢ-СОЛЫН ТАНЫМАҒАН ҮШ ҰЛЫМЕН ҚОСЫП, ТАҒДЫР ҚЫСПАҚҚА АЛҒАНДА ДА ЖАСЫМАДЫ. ӨЗ-ӨЗІН ҚАЙРАП ЖАНИ ТҮСТІ. ҚЫРЫҚ ЖЫЛДАН БЕРІ ЖУРНАЛИСТИКА САЛАСЫНЫҢ ҚЫЗЫҒЫ, ҚИЫНДЫҒЫМЕН ҚАТАР ОТБАСЫН ДА АЛҒА СҮЙРЕП, «БӨРІКТІНІҢ» ДЕ ОРНЫН БАСҚАН КЕЗДЕРІ АЗ ЕМЕС. ШЫМКЕНТТЕ ГАЗЕТ-ЖУРНАЛДАН КӨЗ СҮРІНЕТІН ӨТПЕЛІ КЕЗЕҢДЕ «ӘЙЕЛ ҚҰПИЯСЫ» ДЕГЕН ЖЕКЕ ГАЗЕТ АШЫП, БІРШАМА ЖАНДЫ ЖҰМЫСПЕН ҚАМТЫДЫ. АДАЛ ЕҢБЕКПЕН ҮЙ САЛДЫ. ҰЛДАРЫН ҰЯСЫНА ҚОНДЫРЫП, НЕМЕРЕ СҮЙДІ. СОНЫҢ БӘРІНЕ ЕШКІМГЕ АЛАҚАН ЖАЙМАЙ, ӨЗІНІҢ ТАЛПЫНЫСЫ НӘМ ТАБАНДЫЛЫҒЫНЫҢ АРҚАСЫНДА ЖЕТТІ.**

**– Фатима Забурақызы, сіздің өмірбаяныңызға үңілгенде, өмір жолыңыз да, еңбек жолыңыз да тегіс болмағанына көз жеткіздік. Бүгінгі әңгімеміз адал еңбек, әрбір азаматтың өз өміріне жауапкершілік алуы, әл-ауқатының жақсы болуына деген барлық үмітін негізінен мемлекетке артып қоятын көңіл күй ұстанымы турасында өрбімек. Сіздің сан тараулы еңбек жолыңыз қалай басталды?**

– Менің еңбек жолым тақтайдай тегіс бола қойған жоқ. Біз 1989 жылдары оқу бітіріп келгенде Шымкентте тек «Оңтүстік Қазақстан» және «Шымкент келбеті» газеттері бар еді. Үш жыл қатарынан іс-тәжірибеден өтіп,

**ФАТИМА ЖҮНІСОВА:**

## ЕҢБЕК ЖОЛЫМ

**МЫҚТЫ  
ӘЙЕЛ**



жақсы қырымнан көрінген соң осы газетке жұмысқа тұрамын деген үмітім бар еді. Бас редактор Әмірсейіт Әлиев ағаның өзі мақтаған. Пайыз Кадеев, Жұмамұрат Тұяқбаев, Иса Омар, Төрегелді Байтасов, Слам Нұрмағанбетов ағайлардан үйренгенім көп болды. Жазушы ағамыз Мархабат Байғұт ағамен де «Оңтүстік Қазақстан» редакциясында таныстым.

Студент кезімде алғашқы кітабын алып оқып, сүйікті жазушымды таптым. Ол кезде оқу бітіріп келген қыздарға көзқарас басқаша еді. Мен бесінші курста тұрмысқа шыққанмын. «Жұмысқа жас келіншектер алсақ, олар декреттік демалысқа кетеді, туады, жазу жазып қарқ қылмайды» деген түсініктер менің де алдымнан шықты. Әйтеуір, не керек, «Оңтүстік Қазақстан» газетіне жұмысқа тұра алмадым.

Ол кезде Шымкентте аудандық газеттер басылып шығатын «Газета» баспасы бар еді. Мені курстасым, марқұм Анар Аспан сол баспаның директоры Кеңес ағаймен сөйлесіп, «Ильич жолы», қазіргі «Төлеби Туы» газетінің жауапты шығарушысы етіп жұмысқа тұрғызды.

Сонда әлі есімде, мені жұмысқа қабылдарда: «Сендер «жас маманмын» деп, ертеңгі күні үй сұрайсыңдар. Ешқашан үкіметтен үй сұрамаймын деп жазып бер!» – деді бастық. Солай деп жазып бердім. Уәдемде тұрып, ешқашан мемлекеттен үй де, жер де алған емеспін.

Сол баспада екі жылдай істедім. Мардымсыз айлық. Екі балалы болдым. Сосын жұмыссыздық. 90-жылдардың елең-алаң шағы, нарықтық экономика.

Тоқырау жылдарынан жайлап өтіп, ес жинай бастаған тұста 1998 жылы үшінші ұлым дүниеге келді. Оның ортасында қанша жұмыс іздесем де, болмады.

1999 жылы «Ақиқат-Истина» газеті ашылып, Анар Аспан жұмысқа шақырды. Шойбек Орынбай, Ертай Бекқұлов, Серік Сапар, Серік Алданов, т.б. журналистер осы газетте алғашқы нөмірінен бастап еңбек еттік.

Одан кейін тәуелсіз «Замана» газетіне тілші болып кіріп, редакторлыққа көтерілдім. Бұл айрықша ақпараттарға арналған газет болғандықтан, көп іздендік. Басшымыз Иса Омар ағай өте талапшыл басшы болды. Жазуды әбден сағынып барған мен бұл газетте өте өнімді еңбек еттім.

журнал шығатын. Басқа жақтағылар Шымкентте әрбір үйде газет шығаратын баспахана бар деп күлетін. Алғаш газетімді шығарған кезде менде қорқыныш болған жоқ, тек тәуекел еттім. 16 беттік газетімнің сыртқы беті түрлі-түсті болды. Ең алғашқы нөмірін 7000 тиражбен шығардым.

Сонда «Ернұр» корпорациясының басшысы Ерлан Нұрмаханов «Сіз қалайша еш қорықпай, бірінші нөміріңізді 7000 тиражбен бастырып жатырсыз?» деп сұрады.

«Мен газетті шығарған соң бастықпын, редактормын деп отырмаймын ғой. Газетті барлық жерге өзім таратамын. Менің ойымша, газетім өте сапалы шықты. Оқырманы көп болады» дегенім есімде. Расында, ең алғашқы нөмірі өте жақсы өтті.

## ТАҚТАЙДАЙ ТЕГІС БОЛҒАН ЖОҚ

Елдің бәрі тамақ табу үшін ала дорба арқалап кетті.

Біз де сауда жасауға шықтық. Сол кезде қазіргі Орталық мешіттің жанындағы саябақта «Самолет» деген базар болған. Алматыдан аяқ киім әкеліп саттық. Сауда жақсы жүрді. Оның алдында табаға нан-тоқаш пісіріп, жазда балмұздақ саттық. Ташкент қаласынан майда-шүйде заттар әкеліп сатып, күнелткен кездер болды.

Балалар жас, оларға қарайтын адам тауып, күн-түн демей еңбек ете бердік. Екінші ұлымды босанғанда қатты ауырдым. Әкем келіп, дем салып емдеді. Журналист қызының жазудан алыстап кеткеніне әкем қатты алаңдаулы еді сонда. Анам студент кезімде, 21 жасымда қайтыс болып кеткен.

«Қарағым-ау, қарайып қалатын болдың ғой. Бесіктегі балаңды мен-ақ тербетейін, сен жазшы!» дейтін.

Одан кейін «Ернұр» корпорациясына «Ұстаз жаршысы» деген газеттің бас редакторлығына шақырылдым.

«Махаббат аралы» деген газетінің атын «Алтын босаға» деп өзгертіп, алғашқы нөмірлерінің жақсы шығуына өз үлесімді қостым.

2008 жыл күзде сол жерде істеп жүріп, өзімнің тұңғыш «Әйел құпиясы» деген газетімді аштым.

**– Газет ашу, оның шығармашылық жұмысынан бөлек, қызметкерлерді қаржылай қамтамасыз ету, бәрін мойныңызбен көтеріп келесіз. Кейіннен белгілі себептермен газет жабылып қалды. Сонда да ұнжырғаңызды түсірген жоқсыз. Сондай қиындықтар мен кедергілерді қалай жеңіп келесіз?**

– Мен газет ашқан кезде Шымкент қаласында 300-ге жуық газет-

Түнде баспаханадан басылған 7000 тираж газетті таксиге артып, қолыма жұмысшы қолғабын киіп алып, үйге төртінші этажға ұлым Рауан екеуміздің тасығанымыз әлі көз алдымда. Залымыздың бір бұрышына жинап қойған газеттің бірінші данасын көршім сатып алған. Таңертең әпкем шашу шашып, елу данасын пакетке салып алып, Серікхан деген газет таратушыға апарып көрсеттім. Ол газетімді көріп «Мынау жақсы газет қой» деп түгел алып қалды.

Ал ертеңіне 500 дана алатынын, Алматыдағы газет таратушылар 500 дана сұрап жатқанын айтты. Не керек, 7000 дана газетті бір аптада таратып тастадық. Қаншама жақсы адамдар шын жүрегімен қуанып, газетімнің сатылуына көмектесті. Мен олардың жақсылығын ешқашан ұмытқан емеспін.

Оқырман көңілінен шығу үшін күндіз-түні еңбектендім. Сұхбат та алдым, аударма да жасадым. Оқырманға не керек, соның бәрін газетімде қамтуға тырыстым. Бес айға дейін газетімді жалғыз өзім шығардым. Өзім тілші, өзім редактор. Он алты жастағы ұлым Рауан дизайнер. Ол да үнемі ізденіп, газеттің жақсы безендірілуі үшін бар күшін салады. Бастапқы кезде

отбасы», «Керемет әйел», «Дәмді дастархан» деген журналдар аштым. Бәрі де өз

жақпады. Біреулер «Шыққан күні мен уақыты жазылмапты» деп арыз да жазған. Газетімді жаптырып тастау үшін қаншама әрекеттер жасалғанын сол кезде ішкі саясат басқармасын басқарған бір кісі кейіннен менде тілші болып істеген әйелге айтыпты. Не болса да Алланың көзі түзу болды. Тіпті газетімнің атын ұрлап, менің газетіме жазылғандарды басқа газетке жазып жіберу



журналистерге айлық төлейтіндей жағдай болған жоқ.

Газет шығып, таратып алғаннан кейін үш күн бойы диванда қимылсыз жатамын. Орнымнан тұруға әл болмайды. Үш күн дегенде бүкіл клеткаларыма жан бітіп, қозғала бастаймын.

Газетімнің тиражы ай сайын көбейіп отырды. Редакцияға телефон соғып, өз жағдайларын, басынан кешкен оқиғаларын айтатындар көбейді. Маман кеңестерін сұрағандар қаншама. Психолог, гинеколог, т.б. мамандардан кеңес алып, бір беттік материалдар дайындадық. Газетімде көбіне еңбек адамдарын насихаттадым. Олардың жүріп өткен жолдарын үлгі еттім.

«Әйел құпиясы» газетінің тиражы 32 мыңға жеткен уақыт та болды. Қасынан қосымша «Әйел денсаулығы», «Немерем», «Менің өмірім» деген газеттер, «Бақытты

## ФАТИМА ЖҮНИСОВА:

# ЕҢБЕК ЖОЛЫМ

оқырманын тапқан газет-журналдар болды.

**– Соншалық сұранысы артқан басылымдардың жабылуына сол заманауи медиа өзгерістер себеп болған шығар?**

– Әлеуметтік желінің маған пайдасы да, зияны да тиген кезі болды. Зияны сол, газет оқырмандары жылдан-жылға азая бастады. Газет тиражы азайған сайын қызметкерлерді аз айлықпен ұстап тұра алмайсың. Баспахана шығыны қымбаттай бастады. Сол себепті алғашқыда журналдарды, кейін газеттерді жаптым.

Газет шығарып жүргенде кедергілер де болды. Менің газетімнің тиражының ай санап көбейіп жатқандығы біреулерге

де орын алған. «Әйелдер құпиясы информ» деген газет шыққан кезде пошташылар да, оқырмандар да әбден шатасқан. Кейіннен мен емес, пошташылар арыз жазып, ол газеттің атын өзгерткен. Бір қызығы, маған кім жамандық істесе де, арты жақсылық болып кетеді. Соған көзім әбден жетті.

«Әйел құпиясы» мен «Әйел денсаулығы» газеттерімді өз еркіммен тоқтаттым. Сондықтан оған бола ұнжырғамды түсіре алмаймын. Қазір, Аллаға шүкір, ұлым Рауан жеке кәсіпкерлікпен айналысады. Жастайынан менің қасымда жүріп, кәсіп үйренді, адал еңбектің дәмін татты. Оның жарнама агенттігі бар. Біраз адамға жұмыс тауып беріп отыр.



Мен ешқашан қиындыққа қиындық деп қарай алмаймын. Қиындық деген белгілі бір мәселенің шешілмеуінен туындайды. Ең бірінші сол мәселені шешуге тырысамын, сосын қиындық та жоқ болады. Кедергі де ең әуелі адамның ойында болады. Сол ойды дұрыстау керек. Ешқашан негативке бой алдырмай, позитивті болу. Тәуекел, алған беттен қайтпау, мақсат ету. Сосын адалдық. Өзіңе, айналадағы адамдарға, еңбекке деген адалдық. Ешқашан өтірік айтпау. Егер мен кезінде кедергілерді жеңе алсам, осы қасиеттерім көмектесті. Сосын Алла өзі қолдады деп білемін

#### – Бүгінде немен айналысып жатырсыз?

– Мен бүгінде шығармашылықпен айналысамын. Жеті немерем бар. Соларға жақсы тәрбие беруге, бар мейірімді беруге күш саламын. Саяхатқа шығуға, ел, жер көруге танымымды арттыруға тырысамын.

Әлеуметтік желінің пайдасы, мен өте көп дос, шығармашылық

жинағымды, өлеңдер жинағымды шығарсам деп жүрмін. Алда роман жазу ойда бар. Жалпы шығармашылықпен айналыса беремін. Әйелдерге арналған орталық ашу да ойымда бар. Алла қаласа, бәрі де болады.

**– Қарап отырсам, сіздің өміріңіз адал еңбектен тұрады. Бүгінде өзі еңбектенгеннен гөрі мемлекет берсе дейтін, тегін алсам дейтін үрдіс белең алғаны жасырын емес. «Не берем» деп емес, «не алам» деп жүргендерге қатысты не айтасыз?**

– Патернализм азаматтық қоғамның дұрыс, жан-жақты дамуына, өркендеуіне кесірін тигізеді деген ойдамын. Жалпы өзім әлеуметтік масылдыққа қарсы адаммын. Егер Алла адамның он екі мүшесін сау етіп жаратса, мемлекет он бір жыл тегін оқытса, ары қарай әркім жақсы өмір сүруі үшін өзі әрекет жасауы керек. Диванда жатып алып, мемлекет бізді асырауы керек деп, тегін ақша

Өзім қанша қиналсам да, жаны нәзік болса да мемлекет мені асырауы тиіс деген ойда болмаппын. Өз еңбегімен адал табыс таптым, үш ұлымды да адал еңбек етуге үйреттім. Ешқашан біреудің ала жібін аттамауға, ел қазынасына қол салуға болмайтынын жастайынан ұғындырдым.

«Ел маған не береді» деп емес, «елге мен не берем» деген ұстанымда жүретін азаматтар көп болса ғана ел көркейеді, экономикасы артады. Ашкөздік, масылдық адамды құрдымға жібереді. Ойлантайды, алға ұмтылдырмайды. Ерік-жігері жоқ, арман-мақсатсыз адамнан қоғамға қандай пайда болмақ?

Сондықтан мемлекет үнемі алақан жайып отыратындардың әуелі санасын көтеруі керек.

Ал туғаннан мүгедек, еңбек етуге қауқарсыз жандарға мемлекет тарапынан көмек көрсету керек. Өзім қанша мүмкіндігі шектеулі жандардың сау адамдардан қалыспай, еңбек

## ТАҚТАЙДАЙ ТЕГІС БОЛҒАН ЖОҚ

орта таптым. Өлең, не әңгіме жазсам да ең бірінші Фейсбук желісіне саламын. Достарым пікір жазады, талқылайды, шабыт береді, ауырсам, жылы сөздерімен емдейді. Бұрын қаншама жыл газет басқарсам да, ел-жұрт менің газетімді білсе де, өзімді танымайтын еді. Қазір танымалдық артты. Көптеген өлеңдеріме композиторлар ән жазып жатыр.

Мен өте еркін адаммын. Өзімнің ойыма, қиялыма ешқашан тұсау қойған емеспін. Ешкімге жалтақтап, жағымпаздана алмаймын. Жаным не қалайды, соны істеймін. Қазір де, бұрын да менің жаным жазуды қалайтын. Өзімді жазу үшін жаралған жанмын деп есептеймін. Биылғы, келесі жылдары әңгімелер



алып жата бергісі келетін адамдар өмірде ешқандай жетістікке жете алмайды.

Белгілі бір жетістікке жетпек түгілі, бұл пиғылдағы адамдар жатып ішер, жалқау, ұяты жоқ жандарға айналады. Сондықтан «Аш адамға балық берме, қармақ бер» деген қағиданы ұстану керек.

етіп жүргенін көріп жүрмін. Оларда масылдық психологиясы мүлдем жоқ. Сана-сезімдері жоғары. Бар бақытын еңбектен тауып отыр.

Өзім еңбек еткенді сүйетін, қарап отырғанды ұнатпайтын адаммын. Қазақстан азаматы болсам да, тегін жер, тегін үй алсам деген ниет болмапты. Егер беріп жатса, алған дұрыс та шығар. Менің басты ұстанымым – еңбек ету, өзімді-өзім дамыту, елге пайдамды тигізу. Бір адамға зиянымды тигізбеу. Адамға сөзбен болса да жақсылық жасау.

**– Арнайы уақытыңызды бөліп, сұхбат бергеніңізге рахмет! Еңбегіңіз жана берсін!**

**Мөлдір КЕНЖЕБАЙ,**  
Шымкент қаласы

**ҚАЗІРГІ ЗАМАНҒЫ АС ҮЙДЕ ТАМАҚ ЖАСАУ ОНША ҚИЫНДЫҚ ТУДЫРМАЙДЫ. ҚАЖЕТТІ ЗАТТЫҢ БӘРІ АЛДЫҢДА ТІЗІЛІП ТҰР. ҮДЫС-АЯҚ, АЗЫҚ-ТҮЛІК – БӘРІ БІР ЖЕРДЕ. БӨЛМЕ ІШІН КЕЗІП, ОНША КҮШ ЖҰМСАМАЙСЫҢ. БІЗ ҮШІН МҰНЫҢ БӘРІ АСПАННАН ТҮСЕ САЛҒАН, СОЛАЙ БОЛУЫ ТИІС СИЯҚТЫ ДҮНИЕ. АЛ ШЫНДЫҒЫНДА, ХХІ ҒАСЫРДА ӨМІР СҮРІП ЖАТҚАН ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕР ЛИЛИАН МОЛЛЕР ГИЛБРЕТКЕ АЛҒЫС АЙТУЫ КЕРЕК.**

**12 БАЛАНЫҢ АНАСЫ, 22 ҒЫЛЫМИ АТАҚТЫҢ ИЕСІ ЛИЛИАН МОЛЛЕР ГИЛБРЕТ БҮКІЛ ҒҰМЫРЫНДА БІР ҒАНА ДӘМ – ҚҰЛПЫНАЙ САЛЫНҒАН БӘЛІШ ПІСІРУДІ БІЛГЕН. БІРАҚ ХХ ҒАСЫРДЫҢ АЛҒАШҚЫ ЖАРТЫСЫНДА ЛИЛИАННЫҢ ОЙЛАП ТАПҚАН ҚҰРЫЛҒЫЛАРЫ БҮГІНГЕ ДЕЙІН ЖЕТТІ. 8 НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ҚЫЗ-КЕЛІНШЕКТЕРДІҢ ӨМІРІН ЖЕҢІЛДЕТУГЕ СЕПТІГІН ТИГІЗГЕН ҒАЖАП ЖАНДЫ ЕСКЕ АЛАЙЫҚ.**

Фрэнк Гилберт еңбекті ұйымдастырумен кәсіби түрде айналысты. Әсіресе, оны қай жұмыста болмасын, қалай, қанша рет қозғалыс жасау керектігі қызықтырды. Адамның жұмыста қалай шаршайтынын зерттеп, оның 52 себебін анықтады. Бұдан кейін Лилиан екеуі жұмыс орнындағы қимыл-қозғалысты бақылауға көшті. Ол үшін фотоаппарат пен сол кезде жаңадан тұрмысқа еніп жатқан кинокамераны пайдаланды. Жұмысшының саусағына қолшамды бекітіп, кадрларды бір-бірінің үстіне қойғанда қимыл траекториясын



Лилиан Гилбрет, 1958 жыл. Фото: AP/TACC

Лилиан Моллер 1878 жылы Калифорнияда кәсіпкердің отбасында дүниеге келген. 9 баланың үлкені. Моллердің отбасында балаларға қатал қарады. Қыз ұлдың, ұл қыздың жұмысын істемеуі керек деген қағиданы ұстанды. Қыз баланың жоғары білім алуы туралы тіпті де айтылмайтын.

Бірақ Лилиан Калифорния университетіне оқуға түсіп, 1900 жылы ағылшын әдебиетінің магистрі атанды. Әрі Берклидегі диплом тапсыру рәсімінде сөз сөйлеген тұңғыш бойжеткен. Сол кезде ол баяндамасын «Өмір - мүмкіндік не тығырық» деп атады.

1903 жылы Лилиан инженер зерттеуші Фрэнк Гилбретпен

## ӨЗІ ТАМАҚ ЖАСАЙ АЛМАСА ДА, ИННОВАЦИЯЛЫҚ АС ҮЙДІ ОЙЛАП ТАПҚАН ӘЙЕЛ



Фото: Everett Collection / Shutterstock / Fotodom

танысады. Құрылыс компаниясының қожайыны ретінде Фрэнк кірпіш қалауды үш есе жылдамдататын көтергішті патенттеп үлгерген. Шаруақор жігіт өз бизнесін дамытуға әйелін де тартып, екеуі Gilbreth, Inc консалтинг компаниясын құрады. Оның жұмысы бизнес жүргізу мен еңбек тиімділігін арттыруға бағытталды.

көруге болатын еді. Сөйтіп зерттеу нәтижесінде кез келген қол еңбегін 17 микроқозғалысқа бөлуге болады деген шешімге келеді. Оны «терблиг» (Гилбрет анаграммасы) деп атады. Бұл жаппай өндірісте жұмысшылар орындайтын алу, орнату, көтеру, қою сияқты қарапайым операцияларды қамтыды. Сөйтіп ерлі-зайыптылар

уақыт пен күшті үнемдеуге арналған методикалық кеңестер әзірледі.

Мұны олар өз отбасында да пайдаланды. 12 баланы тәрбиелеп, өсіруге де бизнес жүргізгендей қарады. Компаниядағы лиректорлар кеңесі сияқты үйде жиын өткізіп, отбасының әр мүшесі дауыс бере алатын. Сонымен бірге балаларды жасына қарай үй шаруасын атқаруға тартты.

2024 жылы Фрэнк Гилбрет жүрек сырқатынан қайтыс болады. Ерлі-зайыптылар Еуропадағы екі конференцияға қатысып сөз сөйлеуі керек еді, мінберге Лилиан жалғыз шықты.

Лилиан ері екеуі құрған компанияда жұмыс істеуін жалғастырды. Бірақ өнеркәсіп компанияларында өңшең еркектер жұмыс істейтіндіктен, олар әйел басшымен қарым-қатынас орнатқысы келмеді. Сондықтан айналысатын басқа жұмыс іздеуге тура келді.

XX ғасырдың 20-жылдары маркетингтік әйелдерге назар аудару бастаған кез. 1929 жылы Бруклиндегі газ компаниясы Лилианға инновациялық ас үйдің жобасын жасауға өтініш білдіреді.

Лилиан үй шаруасындағы әйелдердің ас үйдегі қимылын зерттеуге кіріседі. Міндет сол баяғы – процесті оңтайландыру. 30-жылдары америкалық ас үйде

ыдыс-аяқ қоятын шкаф пен буфет, ыдыс жуатын орын мен тамақ пісіретін пеш бөлменің әр бұрышында тұратын. Сондықтан ғалым әйел қазіргі біз білетін «жұмыс үшбұрышын» (тоңазытқыш – ыдыс жуатын орын – пеш) ойлап тапты.

Жаңа ас үй баяғы түрінен айтарлықтай өзгешеленді. Қажет заттың бәрі бір-біріне жақын. Жарма мен ұн, ыдыс-аяқ салатын шкафтар пайда болды. Сол кезде Лилиан ойлап тапқан ас үйдің L әрпі сияқты қалыбы әлі күнге дейін қолданыстан шыққан жоқ. Жаңа үлгіні ол қолынан келетін құлпынай бәлішін әзірлеу арқылы сынап көрді. Бұрынғы ас үйде ол үшін 97 операция мен 281 қадам жасалса, жаңа үлгідегі ас үйде сәйкесінше 64 операция мен 45 қадам жасалды. Айырмашылық әжептәуір. Осылайша Лилиан үнемделген уақытты басқа нәрсеге жұмсау қажеттігін дәлелдеді. Оған қоса, біраз пайдалы заттарды да ойлап тапты. Мәселен, дөңгелегі бар үстелге ыдыс-аяқты түгел салып, жуатын жерге бірден апаруға болады. Қоқыс жәшікке педаль орнату арқылы оны қолмен ұстамай-ақ ашатындай етті. Тоңазытқыштағы сөрені көбейтті, консерві ашатын пышақ пен электрмиксер ойлап тапты. Осының бәрі, сөзсіз,



Фото: Everett Collection/Shutterstock/Fotodom

әйелдердің ас үйдегі жұмысын жеңілдетті.

Үй жұмысы бизнесті жүргізумен пара-пар деген Лилиан өмір бойы жүздеген компания, қор және ұйымдармен қоян-қолтық еңбек етті. 1950 жылдары ауруханадағы жағдайды бақылап, санитарлар мен медбикелердің жұмысын зерттеді. Аурухана төсектерін жобалауға атсалысты.

Балаларға арналған тауар шығарушылардан кеңесін аяған жоқ. Көп балалы ана ретінде балаларға ыңғайлы киім-кешек өндіру технологиясын ойлап тапты.

Лилиан Гилбрет 1972 жылы 93 жасында қарттар үйінде қайтыс болды. Қос жанарын трансплантацияға немесе зерттеу үшін мұраға қалдырса да, хирургтің қолы босамай, оның соңғы өсиеті орындалмай қалды.

Күнделікті тұрмысты барынша жеңілдету үшін өмір бойы тыным таппаған ғалымның көптеген жаңалығы ұмытылды. Біразын біреулер өз атына патенттеп алды. Дегенмен оның ең басты жаңалығы – эргономикалық ас үй осы күнге дейін үй шаруасын атқаратын нәзік жандардың күші мен уақытын үнемдеуге септігін тигізіп келеді.



Лилиан күйеуі және баларымен. 1921 жыл, Нью-Джерси.

Фото: The Granger Collection TACC

**ШЫМБҰЛАҚ ТАУ-ШАҢҒЫ КУРОРТЫНДА SCIJ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШАҢҒЫШЫ ЖУРНАЛИСТЕРІ КЛУБЫНЫҢ 69-ШЫ БАСҚОСУЫ ӨТТІ.**



**К**лубтың негізін қалаушы француз Жиль де Ла Рокк – Куршевельден шыққан журналист және шаңғышы. 1955 жылы қырғи-қабақ соғыстың қызып тұрған шағында «елдер арасындағы келіспеушіліктер журналистер мен спортшылардың еркін қарым-қатынас жасауына кедергі болмауы керек» деген идеяны ұсынды.

Содан бері клуб мүшелерінің дәстүрлі кездесуі жыл сайын әлемнің ең таңдаулы тау курорттарында өткізіліп келеді. SCIJ-ге мүше елдердің әрқайсысы әріптестерін қабылдауды құрмет санайды және әлемнің 74 таулы курорты шаңғышы-журналистерді қабылдады.

Биыл Алматыда ұйымдастырылған жарысқа 26 елден 150 журналист қатысып жатыр.

**ШАҢҒЫШЫ ЖУРНАЛИСТЕР ШЫМБҰЛАҚТА БАС ҚОСТЫ**



**Бас редактор**

**Срайыл СМАЙЫЛ**

**Гүлнар АХМЕТОВА**  
Директор

**Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ**  
продюсер-менеджер

**Ғалия ҚАЛИЕВА**  
дизайнер/фотосуретші

**РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:**

**Әбубәкір СМАЙЫЛОВ**  
Астанадағы меншікті тілші

**Мақпал НОҒАЙБАЕВА**  
редактор

**МЕНШІК ИЕСІ: «Аманат Медиа» ЖШС**

Бас есепші **Расима ӘКІМБЕКОВА**

Редакцияның мекенжайы:

050012, Алматы қаласы, Мәуленов, 85 үй,  
№83 кеңсе, 5-кабат

(Бөгенбай батыр көшесінің қиылысы)

Телефондар: 8(727) 272-43-39; 272-43-25

Бухгалтерия: тел.факс: 8(727) 272-46-22 (жарнама бөлімі)